


Атырау облысы
Құрманғазы ауданы
Ақкөл орта мектебі

"Сынып жетекшілердің жылдық тәрбие жұмыс жоспары."

**Камидуллина Майра.,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**



Қазақстан Республикасындағы білім беру мекемелерінің
2006 – 2011 жылдарға арналған тәрбие жұмысының кешенді
бағдарламасы.

Астана 2006 жыл.

Қазақстан
Республикасындағы
білім беру
мекемелерінің
2006 – 2011 жылдарға
арналған тәрбие
жұмысының кешенді
бағдарламасы



Жоспарлау кезіндегі неғұрлым көп таралған қателер:

Балаларды терең ғылыми зерттеу мен қалыптасқан психологиялық –педагогикалық жағдайға негізделген нақты белгіленген мақсат пен тәрбиелеудің белгілі бір стратегиялық міндеттерінің болмауы;

Дәстүрлі жоғарыдан нұсқаулар, ұсыныстар, жарлықтар, нақты белгіленген “шаралар” күту;

Балалар ғана емес, мұғалімнің өзін де қызықтырмайтын, қалай болса солай жоспарланған істер

Сынып жетекші тәрбиелік жұмысты жоспарлау алдында не істеу керек?

- Балалардың жасын, сынып ұжымының даму деңгейін, тәрбиелеу шарттарын(мектептің ерекшеліктеріне орай), мектептің педұжымының мүмкіндігін ескере отырып мақсаттары мен міндеттерін анықтап алу;
- Балалар мен сынып ұжымын(олардың түсініктері мен ұғымдарын, даму деңгейлерін, т.б.) отбасындағы тәрбиелерін, оқу –тәрбиелік процесс барысының жағдайын зерттеу:

- 1) Психологиялық –педагогикалық зерттеудің әртүрлі әдістемелерін, диагностикалауды, сауалнаманы пайдалану арқылы;
- 2) Бастапқы күндерден бастап сынып жетекшісінің жұмыстарын:
“Білім күні”, бірінші ата –аналар жиналысы, кабинетті көркейту, т.б. шаралар жүргізу.

- Оқушыларды жоспарлауға қатыстыру: сынып сағаттары, тренингтер, сауалнамалар, ұсыныстар жәшігі, идеялар мен ұсыныстар аукционы, т.б.
- Алда тұрған оқу жылы күнтізбесінің атаулы күндерін зерттеу;
- Барлық оқу пәндерін тереңдете оқуға көмектесетін экскурсиялар, мұражайларға, көрмелерге бару, пәндік апталар, онкүндіктер өткізу, т.б. Қажеттігін анықтау.

Тәрбие жоспарына қойылатын талаптар

- Жоспардың тәрбие ісіне, мақсатына сәйкестігі.
- Өмірмен тығыз байланысы.
- Жоспардың жан-жақтылығы, тәрбиенің барлық салаларын қамтуы.
- Тәрбие жоспарының оқушылардың жасына, ұжымның ерекшеліктеріне сәйкестігі.
- Жоспардың нақтылығы.

Тәрбие жоспарының жобасы:

1 бет:Сыныпқа сипаттама:

- Сынып жайлы жалпы мәліметтер (оқушылардың ұлдар мен қыздардың саны);
- Оқушылардың үлгерімі;
Тәртіп жағдайы;
- Сынып белсенділері.

2 бет:Тәрбиелік міндеттер:

Қарым – қатынас мәдениетін қалыптастыру.
Әрбір баланың шығармашылық қабілетін, табиғи дарындылығын анықтау және дамыту.
Оқушыны еліміздің мәдени және рухани құндылықтарының жүйесіне баулу.
Тұлғаны әлеуметтік жауапкершілікке, заңды сыйлауға тәрбиелеу.
Салауатты өмір салтын дамытуға, жанұялық өмірге тәрбиелеу.
Ата – аналармен жұмысты ұйымдастыру.

Қателердің I тобы:

портфолио материалдарын жинақтау

- **№1:** Портфолионың құжаттарын жинақтау және қалыптастыру барысында еріктілік принципінің бұзылуы;
- **№2:** Портфолио мәліметтерін бала орнына “оның тапсырмасы бойынша” жинақтау;
- **№3:** Портфолионы қалыптастыру барысында балаға көмектесуге қарсылық білдіру;
- **№4:** Қоғамдық ұйымдар мен қосымша және кәсіптік білім беру жүйелерінің мүмкіндіктерін мойындамау;
- **№5:** Портфолио жинақтаудағы немқұрайлылық пен жарысу.

Қателердің ІІ тобы: ***портфолио көлемінің қалыптасуы***

- **№6:** Портфолиоға тек ресми құжаттарды жинақтау;
- **№7:** Портфолиоға барлық жиналған құжаттар мен мәліметтерді енгізу;
- **№8:** Мәліметтерді тек 9-сыныпта жинақтау.

Қателердің ІІІ тобы: портфолио идеясын дәстүрлі жобалармен ауыстыру

- **№9:** Портфолионы сынақ кітапшасымен ауыстыру;
- **№10:** Портфолионы сынып жетекшісінің немесе педагогикалық кеңестің міндетті мінездемесімен ауыстыру;
- **№11:** Портфолиомен жүйелі жұмысты бір реттік акциямен ауыстыру;
- **№12:** Портфолионың сыртқы көркемделуіне жоғары талап қою.

Қателердің IV тобы: **портфолио мәліметтерін бағалау**

- **№13:** Портфолионың барлық мәліметтерін балл арқылы бағалауға ұмтылу;
- **№14:** Портфолионың “меншікті салмағының” артуы;
- **№15:** Портфолио мәліметтерін бағалаудағы бірліктің жоқтығы.

Назарларыңызға рахмет!